

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BFRH7055>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.48081/BFIS9530>***А. М. Куркимбаева**

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**COVID-19 ЖАҒДАЙЫНДА ШЕТ ТІЛІН ҚАШЫҚТЫҚТАН
ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
ҚОЛДАНЫСЫ**

Мақалада автор әлемде белең алған Covid-19 пандемиясына орай мемлекетімізде төтенше жағдайды реттеу барысында еліміздегі жоғары оқу орындарының қашықтықтан оқыту форматына көшуіне байланысты оқу үрдісіне оңтайлы оқыту платформаларына көшуі дер кезінде қабылданған оң шешім екендігін баяндайды. Сонымен қатар автор мақалада қашықтықтан оқыту тарихына шолу жасайды. Халықаралық ұйымдар мәліметтеріне сілтеме жасалып, батыс ғалымдарының онлайн білім беруге қатысты ой-пікірлерін зерделеген. Автор онлайн оқыту үрдісінде Microsoft Teams платформасында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып виртуалды аудиторияда студенттердің интербелсенділігін арттыруға болатындығын өз тәжірибесіне сүйене отырып талқылайды. Зерттеуші мақалада Microsoft Teams платформасын оқу үрдісінде қолданудың артықшылығы мен кемшіл тұстарын да атап өтеді. Мақала ЖОО-да шетел тілін ақпараттық технологияны қолдана отырып оқытудың әдіс-тәсілдерімен таныстырады. Автор көркем аударма сабағында Teams платформасында чат парағын қолдану секілді құралдарды пайдалану мен онлайн кездесулер ұйымдастыруда бағалы тұғырнама екендігіне тоқталады. Microsoft Teams тұғырнамасы барлық қашықтан оқыту, тренингтер және онлайн кездесулер ұйымдастыруда таңдаулы құрал бола отырып, болашағынан зор үміт күттіретіні анық. Зерттеуші мақалада тапсырмаларды жариялау кезінде Whiteboard тақтасын пайдалану арқылы топтық жұмыстарды ұйымдастыруға болатын бірден бір үздік тұғырнама екендігін баяндайды.

Кілтті сөздер: пандемия, Covid-19, онлайн оқыту, шетел тілін оқыту, оқыту әдістері, ақпараттық технология, қашықтықтан нұсқау.

Кіріспе

Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымының мәлімдеуінше (ЮНЕСКО) 2020-шы жылдың мамыр айында коронавирус пандемиясына байланысты әлем бойынша 190 мемлекетте 1,6 миллиард білім алушылар дәстүрлі білім алу форматынан онлайн оқыту форматына көшуге мәжбүр болды [1]. Онлайн форматқа көшу жоғары оқу орындары оқытушылары арасында білім беру сапасын және университет имиджін түсіріп алмау сияқты мәселелерге аударып, білім саласына жаңа инновациялар енгізу міндетін қойды. Мақалада онлайн оқыту барысында жаңа оқыту платформаларын қолданудың артықшылықтары туралы оқырмандарды хабардар ету басты назарға алынды. Қашықтықтан оқытуға байланысты сөздік қорымыз онлайн оқыту, онлайн-емтихан, прокторинг, Teams, zoom, онлайн TV- сабақтар тәрізді лексикалық бірліктермен толықты.

Бүгінгі күні ғылыми қауымдастықта қолданылып жүрген «қашықтықтан оқыту» немесе «онлайн оқыту» түсінігі бірін-бірі толықтыратын синонимдес лексикалық бірліктер іспеттес. Алдымен осы аталмыш оқыту үрдісінің тарихына үңілетін болсақ, қашықтықтан оқыту білім беру формасы ретінде әлемде белгілі болғанына үш жүзге жуық жыл болыпты. Қашықтықтан оқыту алғаш рет АҚШ-та Бостон қаласында дүниеге келген. Студенттер Бостондағы стенография және бухгалтерлік есеп курстарынан қалаға келместен өтуге мүмкіндік алды. Студенттер өз бетімен оқитын оқу материалдарын пошта арқылы алды. Осылайша АҚШ-та пошта арқылы немесе сырттай оқу бірнеше ғасырлар бойы болды. Дәстүрлі пошта арқылы оқу материалдарын жіберу бүгінгі қоғамда жаңа ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өз формасын өзгертті. Әлемдік тәжірибеде қашықтықтан оқытуда АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Испания, Италия сынды мемлекеттердің көсбасшы болып отырғандығы белгілі. Жоғарыда айтып кеткендей бұл мемлекеттер өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап білім беру саласына медиа білім беру мен медиамәдениет әліппесін енгізуге бет бұрды.

Байқап отырғанымыздай төртінші өнеркәсіптік революцияның өмірімізге етене енуі жоғары білім білім беруге үлкен өзгерістер әкелетіндігін Йель университетінің ғалымы Нэнси Глисон (Nancy Gleason) өзінің «Higher Education in the Era of the Fourth Industrial Revolution» атты еңбегінде тоқталып кеткен болатын [2]. Қазіргі қоғамда білім беру саласын ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін еместігі ақиқат.

Жалпы педагогика саласында қашықтықтан оқыту идеялары түбегейлі жаңа емес екенін атап өткен жөн. Осы уақытқа дейін көптеген Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева, А. Е. Петров секілді зерттеушілер қашықтықтан оқыту үрдісі технологияларын өз еңбектерінде қарастырды [3].

Covid-19 төтенше жағдайы елімізде барлық жоғары оқу орындарында қызмет ететін оқытушыларды аз уақыттың ішінде сандық технологияны жақсы меңгерген мамандарға айналдырды. Оқытушылар онлайн форматында сабақ беру біліктіліктерін «Teaching with technologies», «Online professional development courses from Oxford» курстарына қатысып көтеріп, жаңа тәжірибелер жинақтады. Университет тарапынан да «Қашықтықтан оқыту технологиясы аясында көптілді білім беруді ұйымдастыру мәселелері» атты семинар ұйымдастырылып, оқытушылар әрдайым университет тарапынан қолдау тауып келеді.

Ғалымдар интернеттің дамуы және оның мүмкіндіктері электрондық пошта, чат, форумдары сияқты веб-пікірталасқа түсіп ақпарат алмасу және басқа да технологиялар оқытушылар мен студенттерге әр түрлі өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін берді [4].

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында педагогикалық әдебиеттер мен құжаттарға салыстырмалы-тарихи талдау және синтез әдісі қолданылды. 2020 жылғы әлемде орын алған COVID-19 пандемиясын тудыратын әртүрлі вирустардың кең таралуына байланысты мәжбүрлі оқшаулау жағдайында қашықтықтан оқыту жоғары оқу орындары алдына оқу процесін қайта қарастырып білім беру үрдісіне түзетулер енгізу міндетін қойды. Осыған орай оқытушылар оқу үрдісінде қолданылатын дәстүрлі әдістерді бейімдеп жаңа әдістерді әзірлеуге жұмылдырылды және қашықтықтан оқыту әдістемесінің тиімділігін зерттеуге ерекше назар аударма бастады. Онлайн режимде студенттерге дәріс беру дәстүрлі аудиторияда дәріс беруден өзгеше екендігі белгілі. Дәстүрлі күндізгі оқыту қашықтықтан оқытудың негізіне айналды. Ал басты міндет заманауи техникалық жабдықтардың көмегімен қашықтықтан білім беруді күндізгі оқу жүйесіне барынша жақындату болды. Қашықтықтан білім беру аясында дәстүрлі оқыту әдістерінен тыс оқытушының өзіндік әдістерін құру қашықтықтан оқыту сапасын жақсартып алады. Covid-19 пандемиясы оқытушыларды ақпараттық технологияны кеңінен қолданып, онлайн-білім беру сапасын арттыру міндетін қойды.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-нің ұжымы пандемия басталысымен оқу дәрістері мен түрлі іс-шараларды Zoom, Microsoft Teams, Google classroom платформасы арқылы ұйымдастыруды қолға алды. Университетімізде

оқытушыларға аталмыш жаңа платформалармен жұмыс жасауға арналған семинарлар ұйымдастырылды.

Оқу әдістемлік кешендердің соның ішінде практикалық және теориялық оқу материалдары видео лекциялардың бірнеше жыл қатарынан Moodle платформасында орналасуы студенттерге қажетті оқу материалдарын өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта қарауларына және жүктеп алуларына мүмкіндік беріп келеді. Аталмыш платформаны пандемия жағдайында онлайн дәрістер кезінде Microsoft Teams платформасымен қатар қолдану оқу үрдісінің сапасын арттыра түскендігі байқалады.

Бірнеше жылдан бері Ұлыбританияда Microsoft SharePoint компаниясында қызмет етіп келе жатқан Тонни Филлипс (Tony Phillips) Teams платформасын «Setting Assignments in Microsoft Teams for Education» атты жарияланған мақаласында студенттермен өзара әрекеттесудің ең жақсы тәсілдерінің бірі деп мәлімдеді [5].

Отандық ЖОО-да қашықтықтан оқыту барысында бұлттық технологиялар мүмкіндіктерін қолдану, тілдерді қашықтықтан оқытудан ұйымдастыруға арналған жарияланымдар жарық көре бастады [6], [7].

Қашықтықтан оқыту барысында оқытушылардың «психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі», «педагогикалық технология» оқытудың модельдері мен формалары, оның сапасын бағдарлау да педагог мамандардың назарынан тыс қалмады [8].

Нәтижелер мен талқылау

Ақпараттық технология мамандары Microsoft Teams платформасын қолданушылар санының ең үлкен қарқынмен өсетіндігін 2018-ші жылы болжаған болатын. Болжамнан кейінгі келесі екі жыл аралығында, яғни 2020 жылдың соңына қарай әлемдегі ұйымдардың 41 пайызы Microsoft Teams платформасын пайдаланғандығын жүргізілген сауалнама нәтижесіне сүйене отырып анықтаған [9].


Microsoft Teams платформасын оқу үрдісінде қолданудың бірнеше артықшылықтары бар. Елімізде онлайн дәрістер басталысымен Zoom конференцияларға бөгде тұлғалардың кіріп кетуі секілді жағдайлардың болғандығы белгілі. Ал Microsoft Teams платформасында біріншіден қауіпсіздік шараларын жақсы жолға қойылған. Teams Azure сенімді бұлтты платформасында құрылған. Аталмыш платформа бөгде пайдаланушыларға оқу дәрісіне кіруге жол бермейді және платформада сабақ барысындағы материалдар мен деректерді қорғайды.

Екінші артықшылығы әрбір сабақты видео жазбаға жазып алып гугл дискте сақтап қоюға болады. Сабақтың видеолары платформада 20 күн

сақталады. Студенттер гугл дискте жазылған сабақтарды кез келген уақытта қарау мүмкіндігіне ие бола алады.

Үшінші артықшылығы оқу үрдісі үйден ұйымдастырылатындықтан оқытушылар мен студенттер фонды ауыстыру мүмкіндігіне ие бола алады. Студенттер үшін өздерін дәстүрлі дәрістер аудиториясында отырғандай сезінуге мүмкіндік беретін суреттегідей аудитория фондарын таңдай алады.

Төртіншіден, онлайн сабақ барысында студенттермен кері байланысты «Чат» құралы арқылы жүзеге асыруға болады. Жазбаша аударма пәндерін өткізу барысында студенттер берілген жаттығуларды бірден чат бөлмесіне жазып, бір-бірінің жазбаларын тексеріп, пікір жазу мүмкіндіктеріне ие. Өз тәжірибемде Teams платформасының «чат» парағын практикалық сабақ және лекция барысында студенттермен кері байланыс ұйымдастыруда жиі қолдануға болады. Әсіресе онлайн лекция барысында студенттердің дәрісті тыңдап отырғандығын кез келген уақытта ауызша немесе барлық студенттерге бір мезгілде жауаптарын чат парағына жазуларын сұрап тексеруге болады. Лекция немесе сабақ арасында студенттерді онлайн оқудан жалықтырмау мақсатында 2 – 3 минут брейнсторминг жаттығуларын жасатып алып сабақты одан өрі жалғастыруға болады.



Сурет 1 – Teams платформасында чат парағын қолдану

Бесіншіден студенттер өз экрандарынан презентацияларын көрсетіп, жобаларын қорғай алады. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ-де студенттердің дипломдық жобаларын қорғауы, жыл бойы оларға бағыт-бағдар беру де осы платформаның көмегімен жүзеге асуда.

Университетіміздің 80 жылдығын мерекелеу қарсаңында Аударма және Филология факультетінің «Шет тілдер сөйлеу тәжірибесі» кафедрасы Қазақстанның Испания мемлекетіндегі Мадридтегі Ұлттық аударма бюросының «Рухани жаңғыру» аясында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған жобаның координаторы аудармашы болып қызмет етіп жүрген факультет түлегі Динара Шангереймен кездесу ұйымдастырды. Кездесудің идеясы: біздің аудармашы- түлектердің шетелде табысқа жету жолын студенттерге дәріптеу. Онлайн кездесуге 150 студент қатысты. Осындай үлкен аудиторияны біріктірген кездесулердің Microsoft Teams платформасында ұйымдастырылуы біріншіден студенттердің қауіпсіздігіне нұқсан келтірмейді. Екіншіден вертуалды кеңістікте жүздеген тұлғаның бір уақытта коммуникацияға түсуі студенттер үшін тартымды болып табылады.

Алтыншыдан, аталмыш платформада студенттер университетіміздің оқу әдістемелік кешені ұсынылған Moodle платформасына қосылу мүмкіндігіне де ие. Бұл да оқу үрдісін ұйымдастыруда үлкен артықшылық деп есептейміз.

Жетіншіден, Microsoft Teams платформасында «календарь» парағын қолдана отырып онлайн-сабақ кестесін, дәрістерден тыс кездесулер мен жиналыстар сияқты онлайн іс-шараларды жоспарлап, кез келген уақытта өзгеру мүмкіндігіне ие болу да платформаның артықшылығы.

Көптеген студенттер үшін онлайн-платформада оқудың келесідей артықшылықтары бар:

- пандемия жағдайында өздерін оқшаулап үйден шықпай-ақ оқу мүмкіндігінің болуы;

- оқумен жұмысты біріктіру мүмкіндігі;
- заманауи білім беру әдістерін қолдану;
- үлкен көлемді ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- кез келген жерден сабаққа қосылу мүмкіндігі;
- көлікке уақыт жұмсаудың қажеттілігінің болмауы.

Онлайн оқудың кемшіліктері келесідей:

- техникалық қиындықтар (шалғай аймақта тұратын студенттердің онлайн платформаға қосылу қиыншылықтары, сурет/дыбыс мәселелері бойынша туындайтын қиыншылықтар);

- психологиялық кедергілер;

- студенттердің Microsoft Teams қосымшасын ұялы телефондарына жүктеп алып кез келген жерден сабаққа кіруі сабақ сапасын түсіреді;

– өз бетімен орындау жұмыстарының үлкен көлемі [10].

Қорытынды

Ақпараттық технологиялардың таралуына байланысты пандемия кезінде оқытуды ұйымдастырудың тиімді құралы ретінде Microsoft Teams платформасы сөзсіз көшбасшы болып тұр. Мақалада қарастырылған платформаның білім беру процесіне теріс әсеріне қарағанда оң әсерінің басым екендігі білім беру саласында сапа сабақтастығын қамтамасыз ете алатындығы айқын. Microsoft Teams платформасы онлайн оқыту процесі кезінде студенттердің оқуын жалғастыруын қамтамасыз ететін бірден бір үздік тұғырнама екендігін әлемде дәлелдеп үлгерді.

Онлайн білім беруге бағытталған болашақтағы зерттеу жұмыстарымда Zoom, Skype, Discord және т.б. платформалардың тиімділігін зерттеу, сондай-ақ шет тілін оқытудағы қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу арқылы көрініс таппақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 ECLAC-UNESCO. Education in the time of COVID-19. In: COVID-19 Report. – 2020.

2 **Gleason, N. W.** Higher Education in the Era of the Fourth Industrial Revolution. – Singapore : Palgrave Macmillan, 2018.

3 **Полат, Е. С., Бухаркина, М. В., Моисеева, А. Е.** Новые педагогические и информационные технологии в системе образования : учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М. : Издательский центр «Академия», 2008. – С. 272.

4 **Woo, Y, Reeves, T. C.** Meaningful interaction in web-based learning : A social constructivist interpretation // The Internet and Higher Education, 200710 (1). – P.15–25.

5 **Phillips, T.** Setting Assignments in Microsoft Teams for Education. – Tonyisherecouk, 2018.

6 **Адиқанова, С.** Қашықтықтан оқыту арқылы білім беруде бұлттық технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану // Дистанционное образование в период пандемии : сборник статей. – Нур-Султан : ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, 2020. – С. 266–275.

7 **Манапбаева, Ж.** Тілдерді қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру. Дистанционное образование в период пандемии: сборник статей. – Нур-Султан : ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, 2020. – С. 275–282.

8 **Ахметова, Д. З.** Обеспечение качества дистанционного обучения в призме личностного развития обучающихся // Карельский научный журнал. – 2013. – № 4 (5). – С. 55–58.

9 **Tsai, P.** Business Chat Apps in 2018 : Top Players and Adoption Plans // The Spiceworks Community. – 2018.

10 **Мирзамова, А. С.** Дистанционное обучение иностранному языку в высшей школе с использованием платформы Microsoft Teams // Педагогика. Вопросы теории и практики. – 2021. – Том 6. – Выпуск 3. – С. 427–432.

REFERENCES

1 ECLAC-UNESCO. Education in the time of COVID-19. In: COVID-19 Report. – 2020.

2 **Gleason, N. W.** Higher Education in the Era of the Fourth Industrial Revolution. – Singapore : Palgrave Macmillan, 2018.

3 **Polat, E. S., Bukharkina, M. V., Moiseyeva, A. E.** Novyye pedagogicheskiye i informatsionnyye tekhnologii v sisteme obrazovaniya : uchebnoye posobiye dlya studentov vysshikh uchebnykh zavedeniy [New pedagogical and information technologies in the education system : a textbook for students of higher educational institutions]. – Moscow : Publishing center «Academy», 2008. – P. 272.

4 **Woo, Y, Reeves, T. C.** Meaningful interaction in web-based learning : A social constructivist interpretation. In The Internet and Higher Education, 200710 (1). – P. 15–25.

5 **Phillips, T.** Setting Assignments in Microsoft Teams for Education. – Tonyisherecouk, 2018.

6 **Adikanova, S.** Qaşıqtıqtan oqıtu arqılı bilim berude bultıq texnologiyaların mümkindiklerin qoldanu [Use of cloud technologies in distance learning]. In Distance education during the pandemic : a collection of articles. – Nur-Sultan : L. N. Gumilev ENU, 2020. – P. 266–275.

7 **Manapbaeva, J.** Tilderdi qaşıqtıqtan oqıtudı uyımdastıru [Organization of foreign language distance learning]. In Distance education during a pandemic : a collection of articles. – Nur-Sultan : L. N. Gumilev ENU, 2020. – P. 275–282.

8 **Akhmetova, D. Z.** Obespecheniye kachestva distantsionnogo obucheniya v prizme lichnostnogo razvitiya obuchayushchikhsya [Ensuring the quality of distance learning in the prism of the personal development of students]. In Karelian scientific journal. – 2013. – № 4 (5). – P. 55–58.

9 **Tsai, P.** Business Chat Apps in 2018 : Top Players and Adoption Plans. In The Spiceworks Community. – 2018.

10 **Mirzamova, A. S.** Distantionnoye obucheniye inostrannomu yazyku v vysshey shkole s ispol'zovaniyem platformy Microsoft Teams [Distance learning of a foreign language in higher education using the Microsoft Teams platform]. In Pedagogy. Questions of theory and practice. – 2021. – Volume 6. – Issue 3. – P. 427–432.

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

**А. М. Куркимбаева*

Казахский университет международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 10.12.21.

ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В УСЛОВИЯХ COVID-19

В статье автор рассказывает о том, что в связи с пандемией Covid-19, развернувшейся в мире, в ходе урегулирования чрезвычайной ситуации в стране, в связи с переходом вузов страны на дистанционный формат обучения, переход на оптимальные учебные платформы является своевременным положительным решением. Также автор дает обзор истории дистанционного обучения в статье. Со ссылкой на данные международных организаций были изучены мнения западных ученых относительно онлайн-образования. Автор рассуждает на собственном опыте, что в процессе онлайн-обучения можно повысить интерактивность студентов в виртуальной аудитории, используя различные методы и приемы на платформе Microsoft Teams. Исследователь также отмечает преимущества и недостатки использования платформы Microsoft Teams в учебном процессе. Статья знакомит с методами и приемами обучения иностранному языку в вузе с использованием информационных технологий. Автор подчеркивает, что использование таких инструментов, как использование страниц чата на платформе Teams на уроках художественного перевода и организация онлайн-встреч, является ценной платформой. Платформа Microsoft Teams возлагает большие надежды на будущее, являясь лучшим инструментом для организации всего дистанционного обучения, тренингов и онлайн-встреч. В статье исследователь

заявляет, что это одна из лучших платформ для организации групповой работы с использованием доски Whiteboard при организации групповых работ студентов.

Ключевые слова: пандемия, Covid-19, онлайн-обучение, обучение иностранному языку, методы обучения, информационные технологии, дистанционное обучение.

**А. М. Kurkimbayeva*

Abylai Khan Kazakh University of International Relations
and World Languages,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 10.12.21.

APPLICATION OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN THE PROCESS OF DISTANCE LEARNING OF A FOREIGN LANGUAGE IN THE CONTEXT OF COVID-19

In the article, the author notes that in the context of the Covid-19 pandemic, which has developed in the world, the transition of higher education institutions in Kazakhstan to the distance learning format in connection with the transition to optimal training platforms for the educational process is a timely and positive decision. The author also gives an overview of the history of distance learning in the article. According to international organizations, the views of Western scientists on online education were studied. Based on her own experience, the author discusses how it is possible to increase the interactivity of students in a virtual classroom using various methods and techniques in the online learning process on the Microsoft Teams platform. In the article, the researcher also notes the advantages and disadvantages of using the Microsoft Teams platform in the educational process. The article introduces the recipients with the methods and techniques of teaching a foreign language at the university using information technologies. The author emphasizes that the use of tools such as chat pages on the Teams platform for literary translation lessons and organizing online meetings is a valuable platform. Microsoft Teams platform has high hopes for the future, being the best tool for organizing all distance learning, trainings and online meetings. In the article, the researcher states that it is one of the best platforms for organizing students' group work using a Whiteboard.

Keywords: pandemic, Covid-19, online learning, foreign language teaching, teaching methods, information technology, remote instruction.

Теруге 10.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2021 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

5,63 Мб RAM

Шартты баспа табағы 33,3.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3855

Сдано в набор 10.12.2021 г. Подписано в печать 29.12.2021 г.

Электронное издание

5,63 Мб RAM

Усл.п.л. 33,3. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3855

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz